

Балқаштық майдангерлер

Ұлы Отан соғысы жылдарында Балқаш өлкесінен соғысқа аттанғандар саны 11532 адам болса, оның ішінде Балқаш қалалық әскери комиссариаты арқылы – 8554 адам соғысқа аттанды. Олардың 3647-сі 1941 жылы соғысқа аттанса, 1942 жылы – 3718, 1943 жылы – 577, 1944 жылы – 530, 1945 жылы – 82 балқаштықтар Қызыл Армия қатарын толықтырды. 1735 балқаштықтар майдан далаларында қаза болды. Олардың ішінде 1941 жылы – 158, 1942 жылы – 756, 1943 жылы – 483, 1944 жылы – 222, 1945 жылы – 99 қаза болды. Балқаштық жауынгерлердің майдандағы географиялық картасы да жарты Европаны қамтиды. 35 балқаштық солдат Будапешті алуға, 81-і Варшаваны азат етуге, 22 – Венаны, 14-Софияны азат етуге қатысып, 121 балқаштық батырлар Берлинді алуға қатысады. Балқаштық жауынгерлердің жауынгерлік медалдарына қарасақ, жерлестеріміздің соғыс майдандарының барлық шешуші шайқастарына қатысқанын көреміз. Мәселен: «Москваны қорғағаны үшін» медалімен – К.П.Меньшов, Д.Х.Пивень, У.С.Юсим, П.И.Могильный, И.П.Михайличенко, Р.Е.Мусин, И.А.Самарханов, Б.Ргайбеков, К.С.Суыымбеков, А.Секенов және басқа да балқаштықтар марапатталса, Сталинградты қорғағаны үшін» медалімен - А.А.Тепляков, С.А.Ушаков, К.М.Маков, В.Я.Цируль, Д.А.Кабаков, Н.Я.Тимофеева, Ж.Мукашев, Т.Кайсанов, М.Кошербаев, Т.Исаков, Г.И.Тюнев, К.П.Меньшов, В.В.Зарьвайко, М.М.Быченко, И.Д.Полозков, Д.М.Гончаров, И.В.Девятко, Т.Айтқұлов, И.Жаксылықов марапатталды.



И. Ынтықбаев
«Германияны жеңгені үшін» медалі



С. Белекбаев,
«ІІ дәрежелі Даңқ ордені»



Ж. Битусупов
«Жапонияны жеңгені үшін»



Ж. Акбергенев
«Москваны қорғағаны үшін» медалі



Б. Х. Бектурганов



Ш. Балпыков,
«І дәрежелі Даңқ ордені»



И. Байтлеев,



З. Байжасаров



Н. И. Абакумов,
«Кавказды қорғағаны үшін» медалі



Е. Жексембаев,
«Ленинградты қорғағаны үшін» медалі



Балқаштық майдангерлер

жалғасы

«Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен - В.П.Лукин, Е.Жексембаев, С.Мамалиев, В.С.Смоланов, К.Аманбеков, З.П.Хлюстова, С.Мамбетов, М.Уразбеков, К.П.Меньшов, К.Нурышев, К.Аманжолов, Д.Мустафин, И.Я.Юдин, И.Т.Чечушков, И.Ф.Халев, Х.М.Мухамеджанов, И.Я.Бочкарев, К.Босупов, В.И.Гуляев тағы басқа балқаштықтар марапатталды.

Киевті азат еткені үшін» медалімен - Т.Н.Кулаев, Р.Каракеев, Б.Молдахметов, М.Сатбалдинов, Л.М.Приходченко, «Кавказды азат етуге қатысқаны үшін» медалімен - К.Тлеубаев, В.В.Смольников, Д.И.Никульников, П.С.Шевкунов,

«Варшаваны азат еткені үшін» медалімен – Н.Ыбышев, Б.К.Бектурганов, К.К.Мухамедьяров, Н.Д.Подзигун, И.Т.Бредюк, П.И. Могильный, В.С.Левищев, М.Н.Данникова, Л.С. Мирошин, Г.Р. Юрин және басқалары

«Будапешті алғаны үшін» медалімен - П.И. Могильный, В.С.Левищев, М.Н.Данникова, Л.С. Мирошин, Г.Р. Юрин марапатталды.

«Берлинді алғаны үшін» медалімен - Б.К.Бектурганов, Я.М.Белов, И.М.Чехлов, И.Т.Бредюк, М. Крушев, Н.А. Абугалиев, А.Ф. Голубева, Р.Е.Мусин, Б. Ргайбеков, Ф.Я. Ларцева, У.Алипов, Н.И. Каменев, Г.Р. Васин, П.И.Радионон, Ж. Бегимбаев және басқалары марапатталды.



Г.В.Рудой,
860 полк командирі,
310 атқыштар дивизиясы



М.Ж.Омаров



В.И.Першина,
«Ленинградты қорғағаны үшін»,
«Германияны жеңгені үшін»



М.Зайко,
I – Белорус майданы

